

ПОЙЫЗДАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ БАСТЫ МӘСЕЛЕ. КҮЗЕТИЛЕТІН ЖӘНЕ КҮЗЕТІЛМЕЙТІН ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛДЕРІНДЕ ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕСІН ҚАТАҢ ҰСТАНУ ЕСКЕРТІЛЕДІ. БЫЛҒЫ ЕКІ АЙ ІШІНДЕ ЕЛІМІЗ БОЙЫНША 6 ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ ОРЫН АЛДЫ. ӨТКЕЛДЕРГЕ БЕЙНЕКАМЕРА ОРНАТЫЛУЫ ЕРЕЖЕ БҰЗҒАН КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІ АНЫҚТАП, ОЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ КҮШЕЙТУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ ДЕП ОЙЛАЙМЫЗ.

Бахытбек АЛДАЖАРОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының  
қауіпсіздік жөніндегі атқарушы директоры



№20 (2837)  
14/03/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ПРОАКТИВНО РАБОТАТЬ НАД ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТЬЮ

В АО «Самрук-Қазына» состоялось очередное открытое заседание общественного совета под председательством Болата Жамишева. Тема встречи – производственная безопасность и охрана труда в группе компаний фонда. В заседании участвовали казахстанские общественники, политики и эксперты.

Асель ШАЙХЫНОВА,  
Астана

О принимаемых мерах по улучшению состояния производственной безопасности в АО «НК «ҚТЖ» подробно рассказал главный инженер – директор департамента технической политики АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев.

– За 2022 год нам удалось снизить общее количество несчастных случаев на 16%. Количество случаев, взятых на учет, снижено на 40%. Количество несчастных случаев с временной утратой трудоспособности снижено на 20%, – отметил Батыр Котырев.

Также он рассказал о продолжении работ по целевым программным мерам технико-технологической направленности, точно воздействующих на существенные риски, о планах мероприятий по предотвращению несчастных случаев с летальным исходом на 2022-2026 годы и по предупреждению электротравматизма на 2021-2025 годы.

Среди прочих мер – в локомотивах нового поколения в местах расположения вращающихся частей и оборудования под напряжением установлены элементы системы ЛОТО (блокировка и защита). Исключена функция внутреннего осмотра оборудования локомотива, находящегося в движении, и многое другое. Также одним из действенных инструментов по предотвращению несчастных случаев являются проведение поведенческих диалогов безопасности (ПДБ) по выявлению опасных условий и опасных действий, использование права на остановку небезопасных работ.

– Правом на остановку опасных работ в 2022 году работники воспользовались более 600 раз. Кроме того, было выявлено более 25 000 опасных условий и опасных действий, – подчеркнул спикер.



За применение проактивного инструмента ПДБ поощрено 384 работника из числа производственного персонала на сумму более 16 миллионов тенге. По итогам 2022 года старший мастер пункта технического обслуживания Екибастузского эксплуатационного локомотивного депо Гимадиев Алмас Мураткалиулы был поощрен туристической путевкой за рубеж для всей семьи.

Кроме технических мер, ограничивающих влияние человеческого фактора, уделяется большое внимание вопросам обучения безопасности как руководителей всех уровней, так и производственного персонала. За 2022 год вне законодательных требований внешними экспертами по программам и курсам Nebosh, Iosh, Defensive Driving (безопасное вождение) обучено 529 человек. Внутренними тренерами компании проведено обучение по внутренним

стандартам производственной безопасности для 22 446 человек.

Также на 2023 год в соответствии с рекомендациями фонда установлен новый КРП по производственной безопасности, состоящий из четырех индикаторов (два из которых проактивные) с каскадированием на сетевой и региональные уровни управления. Действующая с 2020 года автоматизированная Интегрированная система производственной безопасности (ИСПБ) позволяет вести мониторинг проактивных составляющих КРП (вовлеченность и ознакомленность) в режиме онлайн по каждому подразделению компании.

Отмечено, что в ҚТЖ развитие культуры безопасности и повышение технологического уровня производства обозначены как стратегический приоритет.

Фото автора

## ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСУДА



«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы өткен жылы өндірісте жазатайым оқиғалардың санын төмендету мүмкіндігіне ие болды. Атап айтқанда мұндай оқиғалар 16%, есепке алынған оқиғалар 40%, уақытша еңбекке жарамсыз 20% азайған.

Бұл жағымды көрсеткіштерге «2021-2025 жылдарға арналған жарақаттанушылықтың алдын алу» және «2022-2026 жылдарға арналған өлімге әкелетін жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша шаралар жоспары» туралы техника-технологиялық бағыттағы мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізілген. Бұл бағыттағы жұмыстар быыл да жалғасады.

Жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін ең тиімді құралдардың бірі ретінде қауіпті жағдайлар мен қауіпті әрекеттерді анықтау, қауіпті жұмыстарды тоқтату құқығын пайдалану үшін Іс-қимыл қауіпсіздігі диалогын (ПДБ) жүргізу болып отыр. «ҚТЖ» компаниясы бұл әрекеттерді ұдайы ынталандыру арқылы қолдап, дамытып келеді. Өткен жылы қызметкерлер қауіпті жағдайда жұмыстарды тоқтату құқығын 600-ден астам рет пайдаланса, 25 мыңнан астам қауіпті жағдайлар мен қауіпті қызмет түрлері анықталған.

Ал проактивті ПДБ құралын пайдаланғаны үшін өндірістік ұжымның 384 қызметкері 16 миллион теңгеден астам сомаға марапатталған. 2022 жылдың аяғында Екібастұз пайдалану локомотив депосының техникалық қызмет көрсету пунктін аға бригадирі Алмас Гимадиев отбасымен шетелге туристік жолдама иегері атанған.

Ұлттық компанияда «Адам факторының» әсерін шектейтін техникалық шаралардан басқа барлық деңгейдегі басшыларды да, өндірістік персоналды да қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту мәселелеріне көп көңіл бөлініп отыр. 2022 жылы заң талаптарынан тыс 529 адам сыртқы сарапшылардан NEBOSH, IOSH, DEFENSIVE DRIVING (қауіпсіз жүргізу) бағдарламалары мен курстары бойынша білім алған. Ал компанияның ішкі тренерлері 22 446 адамға ішкі өндірістік қауіпсіздік стандарттары бойынша тренинг өткізген.

Ислам ТАЛПАТ

## Инфрақұрылым КӨПІР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Быыл теміржол саласының инфрақұрылымын дамытатын қомақты жобалар іске асырылуда. Соның бірі – Қызылорда темір жолының Белкөл станциясында салынған жаяу жүргіншілерге арналған аспалы көпір құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда

Көпірдің ашылу салтанатына Қызылорда қаласының әкімі бастаған билік өкілдері мен теміржолшылар қатысып, көпшіліктің қуанышын бөлісті.

– Бұл көпір халықтың көп жылдан бергі сұранысы бойынша салынып отыр. Құрылысы 2021 жылы басталды. Құрылыс жұмыстарын сапалы әрі мерзімінде жүргізу үшін мердігер мекеме «Голден сити» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне үлкен алғысымызды білдіреміз. Ұлт даналығында «құдық қазған, көпір салған және ағаш еккен» сауапқа кенеледі деген төміс бол. Бүгінде бұл сол сауаптың ең күрделісі мен маңыздысы орындалды. Мұны адам тағдырына жауаптылық, қолы мүмкіндік жасау жолы деп есептеймін. Жаңа көпір

жергілікті тұрғындардың теміржолдан өту қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қызмет етеді деп сенеміз, – деді қала әкімі Асылбек Шәменов.

Белкөл бекеті – Қызылорданың іргесіндегі үлкен станция. Темір жолдың қос қапталында орналасқан халық саны да жылдан-жылға көбейіп, қалаға қосылып кеткен деуге болады. Сондықтан соңғы кезде жаяу жүргіншілер үшін темір жолдан өту, қауіпсіздік мәселесі айтарлықтай қиындаған. Станциядағы 15-16 жолдың үстінен тартылған ұзындығы 100 метрдей болатын темір конструкциялы ең күрделісі мен маңыздысы орындалды. Мұны адам тағдырына жауаптылық, қолы мүмкіндік жасау жолы деп есептеймін. Жаңа көпір



– Бұған дейін бекетке тоқтаған жүк пойыздарының арасынан жаяу жүргіншілер кедергісіз өтуі үшін вагондардың арасын бір-бірінен ажыратып қоятынбыз. Жаяу жүргіншілер өткелінің тұсына келген вагонды құрамнан ажыратып қосымша жұмыс жасайтынбыз. Ал маневрлік жұмыстар кезінде жолға

адамдар шығып кетпеуін қадағалап аландырамыз едік. Енді тұрғындар қауіпсіздік ережесін сақтап, тек көпірден өтетін болады деп үміттенеміз, бұл біздің жұмысымызды алдақанда жеңілдеткен болар еді, – дейді Белкөл станциясының бастығы Кенжебек Өтегенов.

Суретті түсірген автор

## «ЖЕТІ ҚАДАМ» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУДА

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобындағы жас көшбасшылардың білімі мен біліктілігін дамытуға арналған «Жеті қадам» жобасының 2-ші модулі Ақтау қаласында өтті. Оған барлығы 50 адам, соның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-дан 6 жас теміржолшы қатысты.

Ұлан ОРАЗ,  
Астана

Быыл ақпанда модульдік бағдарламаның 1-ші модулі өткен болса, наурыздағы 2-модуль «Жобалық басқару» тақырыбына арналды. ҚТЖ-дан қатысқан жастар – «Вагонсервис» АҚ, Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы, Астана вокзал шаруашылығы, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС және әлеуметтік саясат департаментінің қызметкерлері.

– Бұл жобаға өту үшін бұған дейін

бірнеше сынақтан өттік. Алдымен 2022 жылы жастар форумында өткен челленджге қатысушылар арасынан 50 адам іріктеліп алынған. Модульдік оқыту жобасының мақсаты – Қордың компаниялар тобындағы жас мамандардың көшбасшылық әлеуетін арттыру, оларды басқару құзыреттілігі техникаларымен таныстыру, коммуникациялық машықтарын дамыту, командада жұмыс істеуге бейімдеу, бюджеттік жоспарлау қағидадарын ұғындыру, – дейді жобаға қатысушылардың бірі Астана теміржол

вокалы кешенінің вокалды пайдалану бөлімінің менеджері Әйгерім Садықова. Модульдік оқыту мерзімі – 2023 жылдың ақпаны мен тамы айларының аралығы. Әр модульдік оқыту екі күннен тұрады. Жалпы «Жеті қадам» бағдарламасы 7 модульден тұрады және әр модуль Қазақстанның әр қаласында өткізіледі. Әр модульден кейін қатысушылар үй тапсырмасын орындап, балл жинайды. Сол тапсырманы дұрыс орындаған қатысушылар ғана келесі модульге өте алады. Келесі модуль еліміздің басқа қаласында ұйымдастырылады.

В СВЯЗИ С ЭТОМ, ЧТО АВТОДОРОГИ К ВОСТОЧНОМУ ПОБЕРЕЖЬЮ АЛАКОЛА ДО СИХ ПОР НАХОДЯТСЯ НА РЕКОНСТРУКЦИИ, И УЧИТЫВАЯ ВЫСОКУЮ ЦЕНОВОЮ ПОЛИТИКУ НА АВИАБИЛЕТЫ И ОГРАНИЧЕННОЕ КОЛИЧЕСТВО АВИАРЕЙСОВ, САМЫМ ОПТИМАЛЬНЫМ СПОСОБОМ ПЕРЕДВИЖЕНИЯ ДЛЯ ТУРИСТОВ ОСТАЕТСЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЕ СООБЩЕНИЕ, КОТОРОЕ НЕОБХОДИМО УВЕЛИЧИВАТЬ ИЗ ГОДА В ГОД В СВЯЗИ С РАСТУЩИМ СПРОСОМ

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

БОЛЕЕ  
**200**

HR-СПЕЦИАЛИСТОВ АО «НК «ҚТЖ» ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ ВО ВСТРЕЧЕ С ПРЕДСТАВИТЕЛЯМИ «САМУРК-ҚАЗЫНА» ПО ТЕМЕ «НОВАЯ КАДРОВАЯ ПОЛИТИКА ФОНДА»

В 2023 ГОДУ ДО ПОБЕРЕЖЬЯ ОЗЕРА АЛАКОЛА ПЛАНИРУЕТСЯ УВЕЛИЧИТЬ КОЛИЧЕСТВО ПАССАЖИРСКИХ МЕСТ В ПОЕЗДАХ ДО

**276** ТЫСЯЧ

С ОКТЯБРЯ 2022 ГОДА ПО ФЕВРАЛЬ 2023 ГОДА ПО СЕТИ ҚТЖ ПЕРЕВЕЗЕНО ОКОЛО

**5,3** МЛН ТОНН  
ЗЕРНА

## ЧЕРЕЗ АКТАУ В ЕВРОПУ



Через морпорт Актау планируется тестовая отправка семи тысяч тонн казахстанской нефти в Европу.

Компания Inpex North Caspian Sea Ltd. отправит тестовые семь тысяч тонн казахстанской нефти в Европу через порт Актау и далее через Баку (Азербайджан) в Европу. Она владеет 7,563 процента доли в консорциуме North Caspian Operating Company (NCO), который является оператором Кашагана.

Налив нефти в цистерны уже произведен, и они направлены в Актау. Всего в этом месяце планируется произвести налив семи тысяч тонн.

Напомним, у Казахстана есть договоренность с 1 января 2023 года транспортировать 1,5 миллиона тонн казахстанской нефти через нефтепровод ВТС (Баку – Тбилиси – Джейхан). Кроме того, прорабатывается дальнейшее увеличение до 6-6,5 миллиона тонн.

Однако в «КазТрансОйл» сообщили, что отгрузка временно задерживается из-за землетрясений в Турции. ВТС объявил форс-мажор, потому что из двух имеющихся причалов на Джейхане один причал на сегодняшний день неработоспособный, а через другой отгружается только азербайджанская нефть.

К слову, экспорт казахстанской нефти ведется по нескольким важным направлениям, в том числе через Россию. Есть Каспийский трубопроводный консорциум, трубопровод Атырау – Самара, направление Махачкала – Актау.

Роман ЛЮБИМОВ



## ТАЗАЛЫҚ АЙЫ БАСТАЛДЫ

**Ұлан ОРАЗ,**  
Астана



Қытаймен шекарадағы Достық станциясында көктем келісімен жаппай тазалық жұмыстары басталды.



Биылғы алғашқы сенбілік наурыздың 3 күні өтті. Оған станцияның жүзден астам қызметкері жұмылдырылып, олар станция аумағындағы сұрыптау парктеріне, әкімшілік ғимараттарға, жол бойына бөлініп, тазалық жұмыстарын жүргізді.

– Қытай жиналған қоқыстың бәрін бір жерге жинап, станция ғимараттарының айналасын тазарттық. Екі күн қатарынан 100-120 адам қатысты. Бірінші күні сыртта жауын-шашын болғандықтан ғимараттар ішіндегі тазалыққа көңіл бөлдіді. Станцияның 2 әкімшілік ғимаратын тазалап, 70-ке жуық қоқыс қабын шығардық. Бүгін екінші күні тар паркті, теміржол бойын, жер төсемдерін, жол аралықтарын қоқыстан тазаладық. Әрі қарай Сұрыптау паркінің, қызметтік тұрмыстық корпусының тазалығын жүргіздік. Қурап қалған жапырақтар, бұталар, ағаштар бұтақтарының бәрін жинап, трактормен полигонға жеткізіп, барлығы 4 куб қоқыс шығардық, – дейді станцияның өндірістік қауіпсіздік секторы бастығы Халида Саркенова.

Келесі сенбіде станциядағы барлық құрылымдық мекемелердің қызметкерлері шығып, тек теміржол аумағын ғана емес, жалпы Достық ауылының да шыршайын кіргізбек.

*Суретті түсірген автор*

## «E-TELEGRAM» – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

**Ерман ӘБДИЕВ,**  
Тараз



Ұлттық компанияның ақпараттық технологияны дамыту бойынша стратегиялық жобалары теміржол мекемелерін цифрландыруға негіз болып отыр.

Бүгінгі күні пилоттық жоба аясында өндіріске енгізілген «E-Telegram» жүйесі алғашқы нәтижесін беруде. Бұл – қағазбастылықтан айырылудың тың жолы. Жаңа жүйе өндірістік және бизнес «telegram» болып екіге бөлінеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» ІТ Бизнес әріптесі Жамбыл филиалының директоры Асылхан Тайлақбаевтың айтуынша, ІТ технологияны игеруде жамбылдық теміржолшылар да белсенділік танытып отыр.

– Бүгінгі күні 1735 теміржолшы «E-Telegram» жүйесіне тіркелді. Оның 774-і Жамбыл бөлімшесі, 961-і Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің қызметкерлері. Сондай-ақ осы пилоттық жоба енгізілгені 3084 электронды хабарлама жолданды. Әсіресе станциялардағы жүк қабылдап-жөнелтушілерге тиімді. Уақыт үнемдеуде де оңтайлы. Қазір осы жүйеге Жаңатас және Шайқорқы станциялары қосылды. Бұл – бизнес «telegram» жүйесі. Өйткені өңірдегі екі ірі кәсіпорын – «Қазфосфат» және «ЕвроХим» компанияларының өнімдерін тиіп-жіберуде осы екі станцияның әлеуеті басым. Ал өндірістік «telegram» жүйесі Жамбыл және Шу локомотив пайдалану деполарының машинистеріне тиімді болып тұр. Болат жолдың бойына мал шығуы немесе басқа да келеңсіз жағдайларда жедел электронды түрде хабар алмасады. Енді құжат айналымын осы жүйеге енгізу жолы қарастырылуда, – дейді Асылхан Тайлақбаев.

## ҚАРДАН ТАЗАРТТЫ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе




Ақтөбе станциясындағы желілік полиция бөлімінің қызметкерлері қаладағы қарттар үйіне жиі барып, қолдан келгенше көмектесіп отырады.

Бұл жолы тәртіп сақшылары әлеуметтік орталық ауласындағы қыс бойы жиналған қарды шығарып, айналыны тап-таза қылды.

Ақтөбе станциясы ЖПБ бастығының орынбасары Армас Молдағалиев бастаған тәртіп сақшылары қолдарына күрек пен қайла ұстап екі сағат бойы ауланы қардан, қатқан мұздан арылтып, қарт кісілер мен мүгедек жандардың серуендейтін алаңын еріген қардан тазартты. Күн жылына бастағалы сыртқа шығып таза ауада серуендейтін қариялар қуаныштарын жасыра алмай алғаштары жаудырып, батасын берді. Тәртіп сақшылары ішқұса болған жандарға азын-аулақ сыйсияпаттарын да ала келіпті. Олармен тілдесіп, бір ауық көңілдерін аулады. Айтуларынша, мұндай қайырымдылық акциялары жыл бойы жалғаса бермек.

## ҚАУІПТІ БЕТІ ҚАЙТТЫ



Семей ЖТ бөлімшесі су тасқыны қаупінің алдын алып, желі бойындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын тәулік бойы кешенді түрде іске асыруда.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Аймақта ауа температурасының күрт жоғарылауымен және ақпан айының аяғында, сондай-ақ наурыз айының басында жауған жауын-шашынның көп мөлшерінен су тасқыны қаупі туындаған еді. 1 наурыздағы жағдай бойынша, орташа есеппен алғанда аймақтағы таулы жерлерде қар жамылғысының биіктігі 9-дан 74 см-ге дейін, топырақтың қатуы 24-тен 126 см-ге дейінгі көрсеткішті құраған. Бұл бағытта теміржолшылар жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, облыс аумағындағы тірек гидротехникалық құрылыстардың және су объектілерінің



жай-күйіне күнделікті мониторинг жүргізу шараларына назар аударуда. Арнайы құрылған жұмыс тобы өңірдегі еріген қар сулары жиналған аймақтарды, соның ішінде биылғы жылғы су тасқыны кезеңінде ықтимал қауіпті орындарды тексеруде. Бүгінгі таңда өңір бойынша

барлығы 95 гидротехникалық құрылыс бар екен. Оның бір-шамасы желі бойына таяу орналасқан. Әйтсе де, қазіргі күні теміржол нысандарына төніп тұрған қауіп жоқ.

Семей магистральдық желі бөлімшесінің аумағы – республикамыз бойынша жауын-шашын

мол түсетін әрі өзен және бұлақ сулары өте көп аймақ. Өңірдің 8 аумағы қызыл су басу қаупі жоғары алап саналады. Жалпы наурыздың 12-сі күнгі көрсеткіш бойынша НЖС-6 бөлімшесіне тиесілі 440 көпір, 368 құбыр, 181 км арық, 1216 км су жүретін арналар қардан толық аршылып, тазаланған. Мұнымен қоса, көктемгі сең жүру және қызыл су тасқынының алдын алып, қажет жағдайда шұғыл жұмылдыру мақсатында қажетті техникалар сапта тұр. Бөлімше бойынша 5 пойыз жасақталып, платформалар жолға шығуға сақдай сай.

Қазіргі күндері Семей ЖТ бөлімшесі бойынша, су шаю қаупі ең жоғары аумақтар ретінде Жаңа-Семей және Аягөз жол дистанциясының қарамағындағы телімдер саналады. Ал күллі бөлімше қарамағындағы желі бойында жалпы саны 89 қауіпті орын бар. Оның ішінде ПЧ-39-да – 6, ПЧ-40-та – 13, ал Аягөз жол дистанциясы бойынша 20 орын қатерлі аумақтар тізімінде тұр. Әйтсе де, қыс бойы жүргізілген қардан тазарту және көктемгі әзірлік жұмыстары қауіпті бетін қайтарған.

*Суретті түсірген автор*

## БАҚЫЛАУДЫ КҮШЕЙТТІ

Жуырда өңірдегі Қызылқоға ауданында су тасқыны Миялы-Жангелдин тас жолын шайып кеткені туралы хабар тарайды. Ол темір жолға қауіпті аймақ болып саналмаса да жергілікті теміржолшылар бақылауды күшейтті.



**Еділ ЕРМЕК,**  
Атырау

«Миялы елді мекені Сағыздан 100 шақырым қашықта. Ол жақта темір жол жоқ. Сондықтан темір жолға қауіп жоқ. Пойыздар тоқтаған жоқ, темір жол бойымен қозғалыс қалыпты жүріп жатыр», – дейді Сағыз станциясының бастығы Нұрбол Дүйсенбаев.

Рас, еріген қар суы Миялы ауылына қауіп төндіргендіктен, жергілікті билік жолды екіге жарып, суды осылай өткізуге мәжбүр болды. Миялы ауылы маңындағы тасқын су деңгейін төмендету мақсатында 11 нау-

рыз күні сағат 04.30-да Миялы және Жангелдин елді мекендері арасындағы жолдың бір бөлігі арнайы техниканың көмегімен ашылған. Нәтижесінде ауыл маңындағы су деңгейі төмендеп, тасқын судың негізгі бөлігі Жарыпшыққан өзенінің арнасымен ағып кетті. Осылайша елді мекенді су басудың алдын алуға мүмкіндік туды. Қазір барлық қауіпті учаскелерде, соның ішінде темір жол мекемелерінде де тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған.

Жылыой ауданында да Жем өзенінің су басу мүмкіндігі зор аймаққа Тұрғызба, Шоқпартоғай ауылдары мен Құлсары қаласы

және Құрсай өзегі жатады. Су басуы ықтимал аймақтарға автокөлік тас жолдары және теміржолдар кіреді. Жалпы, облыс аумағында 31 гидротехникалық құрылыс орналасқан. Оның үшеуі су реттеу шлюзі, «Ералы» су торабы, 20 суару-суландыру жүйесі мен жеті судан қорғау бөгеті бар. Су реттеу шлюздерінің техникалық жай-күйі қалыпты, жұмыс жағдайында дейді мамандар. Су торабы негізінен көктемгі өр суларын сақтаудан гөрі, қатты келген судың екпінін бәсеңдетіп, өткізу-тарату мақсатында қолданылады. Сондықтан Құлсары арқылы өтетін темір жолдар жіті бақыланады.

## ТЕМІР ЖОЛҒА ЖЕТКЕН ЖОҚ

Батыс аймағында су тасқыны қауіп тудырып жатыр. Абырой болғанда, су темір жолға жеткен жоқ.

**Ардақ СЕРДАЛЫ,**  
Ақтөбе

Шалқар ауданының Қотырғас және Мөңке би ауылдарының да автокөлік жолдарын су шайып кеткені туралы ақпарат тарайды. Белгілі болғандай, станция аумағы мен теміржолға зақым келмеген. Ал Ойыл, Темір, Қобда, Мартөк, аудандарында су басқан елді мекендерден мал мен жанды құтқару жұмыстары жүріп жатыр.

«Байғанин ауданында еріген қар суының көлемі әжептәуір қауіп тудырған болатын. Бірақ станциядағы теміржолшылар алдын ала шұғыл қимылдап, бөгеттермен бекітіп, теміржолға қарай су жіберген жоқ», – деп хабарлады Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің бастығы Әділ Құбаев.

## КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК



Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде ҚР Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің қызметкерлері Н.Жахин мен Б.Оразов теміржол тармақтарын пайдаланушы кәсіпкерлермен кездесу өткізді.

**Қосыйм МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

Жиынға аймақтағы станция басшылары мен жүк қабылдап-жөнелтуші тармақ иелері, кірме жолдарды пайдаланушы кәсіпкерлер қатысып, оларға «Атамекен» ұлттық палатасымен бірлесіп «Бизнеске жол» жобасының маңызы түсіндірілді.

Жобаның мақсаты – кәсіпкерлерге әкімшілік кедергілерді еңсеруге көмектесу, құжаттарды рәсімдеу кезінде әуре-сарсаңға салуды болдырмау, мемлекеттік қызметшілер қабылдайтын шешімдердің мерзімдері мен ашықтығын сақтауды қамтамасыз ету. Яғни, жерді жалға алу, су, газ, жарық тарту үшін техникалық құжат рәсімдеуден, мемлекеттік сатып алу келісім-шартына қол қоюдан негізсіз бас тартыла, есеп-шотқа заңсыз ауырталық салынса, заңсыз тексерілсе, сондай т.б. жағдайларда кәсіпкерлерге көмек беруді көздейтін жоба.

Отырыс ашық диалог форматында өтті, кәсіпкерлер мемлекеттік қызметтерді алу кезіндегі негізсіз, әкімшілік кедергілерге қатысты сұрақтар қойды. «Рауан-Налко» ЖШС өкілі М.Нажиев темір жолда қағазбастылық әлі де көп екенін алға тартты. Оның айтуынша, теміржолдың белгілі бір бөлігін иеленуші «Центротранссервис» (ЦТС) мекемесімен ай сайын келісім-шарт жасалады. Неге олай? Бұрын жылына бір рет жасалатын. 200-дей клиентпен ай сайын келісім-шарт жасай бергеннен кім ұтады? «Құлсары-Болашақ» ЖШС өкілі вагонға қатысты шағымын жеткізді. Айтуынша, Ақтөбедегі «Көктас» мекемесі жартылай ашық вагондарды қажетіне қарай емес,



бірден 40 вагон ал деп ұсынады. «Мен оны қайда сыйғызамын, оның бәріндегі жүкті бір күнде түсіру мүмкін емес. Бізге қажеті 18 вагон. Ал қысқы мезгілде жартылай вагондар тіптен тапшы. Біресе көп, біресе вагон жетіспейді, реттілік жоқ» дейді. Бөлімше бастығы А.Базарғалиевтің түсіндіруінше, қысқы мезгілде жартылай ашық вагондар негізінен көмір тасымалына жегілетіні жүк жөнелтушілерге ескертілген. Ал басқа облыс аумағында вагондармен келісу ол кәсіпкердің өз жауапкершілігінде. «Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде вагон берілмей, станциялар қабылдамай жатса, барлық станция басшылары осы жерде отыр, сауалыңызға жауап береді. Бірақ өзге өңір үшін жауап бере алмаймыз» деді ол.

Жиында сөз болған тағы бір маңызды мәселе – цифрландыру. Б.Оразовтың айтуынша, ол сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді, қандай да бір лауазымды тұлғаға тәуелділік болмайды. Барлық құжаттамалар, келісім-шарт, алыс-беріс, жүк қабылдау-тапсыру құжаттары цифрлы түрде жүзеге асырылуы тиіс. Сол мақсатта «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп мобильді топ құрылған. Олардың мақсаты – кәсіпкерлерге құқықтық және басқа да көмек беру.

Бұған дейін Қазақстанның кей өңірлерінде «ҚазТемірТранс» АҚ вагондарды беруде алапық танытқаны БАҚ-та айтылған болатын. Компанияның Атырау филиалының өкілі Саламат Төлегеновтің айтуынша, бүгінгі күнде вагондармен жеткілікті түрде қамтамасыз етіп отыр. Филиал Атырау және Маңғыстау жол бөлімшелерімен бірлесіп жұмыс жасайды. Магистральдық тораптың 2099,4 шақырым аралығындағы теміржол қозғалысының үзіліссіз, қауіпсіз қызметін үнемі ұйымдастыру жолында қызмет жасап, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыруға ден қоюда. Негізгі жүк жөнелтушілер: «Иси Гипс Индер», «Индер тұз», «Карат», «Шевронмұнайгаз», «Рауан Налко» ЖШС, т.б. Вагондар беруде ешқандай ала-құлалық жоқ. Электронды АСУ ДҚР жүйесі жұмыс жасап тұр.

Антикор өкілдері бүгінгі басқосу мақсаты кәсіп иелерімен кері байланыс орнатып, құқықтық негізде көмек беру, қандай да бір келеңсіздіктерді болдырмау, олардың алдын алу екенін жеткізді. «Шешілмей жатқан мәселе болса, хабарласыңыздар, келіңіздер. Бірлесіп отырып, мәселені түйінні тарқаттайық», – деді жиын соңында.

*Суретті түсірген автор*





## ПЛАН ПЕРЕВЫПОЛНЕН



РЕМОНТ

**На 103% выполнен план по ремонту вагонов АО «Казтеміртранс» за два месяца 2023 года. Из них в январе: деповской ремонт прошли 316 вагонов при плане 267 единиц, капремонт прошли 148 вагонов при плане 119 единиц.**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Астана

За февраль деповским ремонтом охвачено 277 вагонов при

плане 321 единица, капремонтом – 148 при плане 165 единиц.

Кроме того, специалисты отметили, что по итогам 2022 года производственная программа

АО «Казтеміртранс» по ремонту грузовых вагонов выполнена на 100%. По видам ремонта: деповской ремонт – при плане 7 625 вагонов фактически от-

ремонтировано 100% вагонов, капитальный ремонт – при плане 641 вагон отремонтировано 658 вагонов, или 102%. Деповской ремонт с продлением срока службы при плане 40 единиц вагонов выполнен на 100%.

Кроме того, специалисты подчеркивают, что в АО «Казтеміртранс» впервые произведено техническое обслуживание 169 вагонов в прошлом году.

– В целях содержания технического состояния вагонов производства КНР КВК в межремонтный период (восемь лет) впервые произведено техническое обслуживание вагонов (ТО) в количестве 169 единиц. В межремонтный период – восемь лет, то есть на границе через четыре года мы проводим техобслуживание вагонов для обеспечения безопасности движения. По вагону производится ревизия основных частей, профдеталей, из них в вагоне меняются технические изделия, экипажная часть – все проверяется в депо, как при деповском ремонте, ставятся клеяма, и вагон еще на четыре года уходит в работу, – рассказал главный инженер общества Нурлан Жусупов.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## СТОПРОЦЕНТНАЯ ГОТОВНОСТЬ



ПАВОДОК

**Завершить формирование противоразмывных поездов по Северному региону планируется к 1 апреля, однако в Астанинской дистанции пути эта работа проведена заблаговременно – состав из пяти платформ и одного крытого вагона на 100% готов к весеннему половодью.**

**Любовь РОВБА,**  
Астана

Во время визита на станцию нам удалось убедиться в этом лично. Мостовой мастер Ерик Мамырбаев продемонстрировал подготовленный инвентарь – крытый вагон, согласно утвержденному руководством перечню, полностью укомплектован мешками с песком, цементом, лопатами, фонарями, кирками, багором, рельсовыми клещами, спецодеждой, резиновыми сапогами, рукавицами, фонарями и другим. Здесь же размещены электростанция и мотопомпа. Кроме того, работники ПЧ дополнительно предусмотрели 50 габионов – сетки под бутовый камень, которые применяются в качестве укрепляющей конструкции.

На четырех платформах уложены некондиционные шпалы, еще на одной – рельсовые пакеты. Готовность противоразмывного поезда к борьбе со стихией уже проверило руководство, ревизорский

аппарат. Все выявленные замечания учтены и исправлены.

– Мероприятия по подготовке к доборбе этой зимой начались заблаговременно – с 1 декабря. На семи участках Астанинской дистанции пути сформированы и распределены мобильные бригады по 10 человек. Укомплектован весь необходимый инвентарь, ведется контроль за опасными местами, – рассказал Ерик Мамырбаев. – К настоящему моменту на 100 процентов очищены мосты и трубы, арки и водоотводные сооружения. Все полностью готово к пропуску паводковых вод.

Стоит отметить, что по предварительному прогнозу весна на участке Астанинской дистанции пути должна пройти без «приключений». Осадков зимой выпало умеренно, снег тает плавно, дожди в начале марта этому тоже поспособствовали. При этом противоразмывный поезд и мобильная бригада, дислоцирующиеся в столице, в любой момент готовы прийти на помощь железнодорожникам в других регионах для



ликвидации размывов земляного полотна и возможных аварийных ситуаций.

Ерик Мамырбаев встречает весну в столице впервые. Раньше он работал мостовым мастером на востоке страны, в Семейском отделении. Поэтому, невзирая на молодой возраст, имеет за плечами большой опыт работы на сложных участках – горных, кривых, лавиноопасных.

В целом по АО «НК «КТЖ» в рамках подготовки пути и искусственных сооружений к пропуску ледохода и паводковых вод будут сформированы 45 противоразмывных поездов, 15 из них – в Северном регионе.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## В ФОКУСЕ ВНИМАНИЯ – БОКОВЫЕ РАМЫ, АВТОТОРМОЗА



МЕСЯЧНИК

**Проверки качества подготовки тормозного оборудования поездов, готовых в отправке, совместно проводят представители Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24), Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22) в рамках месячника «Особый контроль – тормозное оборудование». В соответствии с графиком они прошли уже в пунктах технического обслуживания станций Оскемен-1, Шемонаиха, Риддер и еще состоятся в ПТО станций Алтай, Бухтарма, Кумыстау.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Месячник «Особый контроль – тормозное оборудование» объявлен с 1 марта по 31 марта в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» по всему Казахстану. По информации инструктора по автотормозам и буксовому узлу ВЧД-24 Шалкара Калмакбаева, руководство депо издало приказ о его проведении, по всей линии разместили информационные аншлаги, составили план мероприятий, график проверок и уже начали по ним работу.

– В период месячника командно-инструкторский состав ВЧД-24, другие ответственные лица организовали круглосуточные дежурства, ежедневно проводят инструктажи с причастными работниками перед их заступлением на смену. Речь идет о качестве техобслуживания и ремонта автотормозного оборудования грузовых вагонов с безрезьбовым соединением в составе поездов совместно с работниками ТЧЭ-22 мы запланировали в целом провести по две дневных и ночных, а также внезапные проверки технического обслуживания и ремонта автотормозного оборудования

на ПТО, КПТО перед подготовкой в рейс, – перечислил Шалкар Калмакбаев.

Перед подготовкой в рейс проверяется комплектность технических аптечек, инструментов в локомотивах. А приемщикам вагонов приказано усилить контроль за соблюдением технологии ремонта тормозного оборудования в вагоноремонтном депо. План Оскеменского эксплуатационного вагонного депо на период месячника насчитывает около десятка мероприятий.

К началу марта в ВЧД-24 завершили четырехмесячник «Контроль боковой рамы». Он проходил с 1 ноября 2022 года по 1 марта 2023 года. Как рассказал инструктор по буксовому узлу и автотормозам Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Нурлан Наурызбаев, за этот период работники депо осмотрели 986 458 вагонов. В ноябре прошлого года осмотрщик вагонов ПТО станции Оскемен-1 Шалкар Бюрекбаев выявил в одном вагоне сразу два дефекта в боковых рамах. В депо представили его к поощрению.

Кроме того, ВЧД-24 включилось в целевое мероприятие «Жизнь под напряжением», которое проходит в ТОО «КТЖ – Грузовые

перевозки» по всему Казахстану для недопущения производственного травматизма.

Начальник сектора производственной безопасности и экологии Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Біржан Аканов информировал, что они действуют согласно приказу директора Семейского отделения грузовых перевозок Владимира Бабиченко от 3 марта 2022 года.

– Для нас самое главное – сохранение жизни людей, – говорит Біржан Аканов. – Производственный травматизм необходимо предупреждать заранее. Мы направили аншлаги о проведении целевого мероприятия по всем линиям. План мероприятий к месячнику «Жизнь под напряжением» включает в себя проведение дополнительных техзанятий, после завершения которых будет проходить аттестация работников. Усилен контроль со стороны руководства, сектора охраны труда за обучением работников, их подготовкой, применением исправных инструментов, средств индивидуальной защиты, спецодежды и обуви.

Целевое мероприятие «Жизнь под напряжением» в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо проводят с 6 марта по 6 апреля 2023 года.

## СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПАРТНЕРСТВО

**Айлин БАУРЖАН,**  
Астана



СЕРВИС

**Компания Wabtec наращивает производство локомотивов и укрепляет их сервисную поддержку в Казахстане.**

Сегодня машиностроение является одним из наиболее перспективных секторов экономики республики. За последний год объем производства в отрасли вырос на 35%.

Несмотря на экономические шоки, объем мировых железнодорожных перевозок остается относительно стабильным и, согласно прогнозам, увеличится почти вдвое в ближайшие 10 лет. Учитывая это, Казахстан намерен максимально использовать свое выгодное географическое расположение и стать одним из крупнейших транспортных хабов, связывающих транзитные грузопотоки.

В частности, перспективным является развитие Транскаспийского международного транспортного маршрута на фоне динамичного увеличения товарооборота между европейскими и азиатскими странами. Для этого необходимо снимать инфраструктурные ограничения, а также увеличивать парк локомотивов и морских судов.

В свою очередь компания Wabtec инвестировала средства в расширение производства на заводе по выпуску локомотивов в Астане, что позволит увеличить его мощность практически в два раза.

Кроме того, компания продолжает работу по углублению локализации, внедрению «зеленых» инноваций, развитию сервисного обслуживания и наращиванию экспорта в другие страны региона. Также активно сотрудничает с КТЖ в вопросе цифровизации и оптимизации железнодорожных маршрутов для повышения эффективности транспортной сети Казахстана.

## ЗДЕСЬ КАЖДЫЙ – ПРОФЕССИОНАЛ

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



ИТОГИ

**В Костанайском отделении грузоперевозок подвели итоги эксплуатационных показателей за первые два месяца текущего года.**

Как сообщил заместитель директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» по экономическим вопросам Ильяс Исмаилов, по итогам работы за январь-февраль в отделении были выполнены к плану и улучшены к уровню прошлого года показатели использования вагонного парка и парка локомотивов. Выгрузка вагонов выполнена к плану на 131,7%. Процент порожнего пробега вагонов – на 103,0%. Статическая нагрузка вагонов была выполнена к плану на 100,2%.

Среднесуточный пробег локомотива – к плану на 100,5%. Успешно выполнять производственные эксплуатационные показатели, по словам руководства отделения, удается стабильно от месяца к месяцу благодаря слаженной профессиональной работе всего коллектива от самого простого работника до руководителя. Ведь каждый железнодорожник осознает, что от его знаний и навыков зависит безопасность движения. А в более глобальном плане – экономика всего государства.

## ВОПРОСЫ НА КОНТРОЛЕ

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда



СОВЕЩАНИЕ

**На станции Жанаарка Карагандинской области прошло собрание трудового коллектива, на котором рассматривались вопросы по социальной стабильности и улучшению условий труда на производстве.**

В роли модератора выступила исполняющий обязанности директора по экономике и финансам филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Альбина Сванкулова.

На мероприятии присутствовали представители руководства НОДПП-4, профсоюзного комитета, ревизоры службы безопасности, а также руководители и работники ТЧЭ-15, предприятий узла и станций, дежурные по станции, локомотивные бригады в количестве 102 человек.

На повестке дня стояли актуальные вопросы по оплате труда, а также производственные темы.

Как стало известно, на сегодняшний день исполнение индекса социальной стабильности (ИСС) по НОДПП-4 составляет 61%, что на один процент меньше, чем в прошлые годы. Соответственно, для улучшения этого показателя с 1 января текущего года была увеличена заработная плата работникам филиалов ГП. Кроме того, всех сотрудников предприятий обеспечили спецодеждой и форменной одеждой.

По словам Альбины Сванкуловой, в целях профилактики коррупционных рисков и правонарушений в ТОО «КТЖ – ГП» была разработана и утверждена Политика конфиденциального информирования, которая предусматривает внедрение эффективной системы секретного осведомления как механизма открытого диалога, где поощряются честность и открытость, профессионализм и стремление защищать права и законные интересы товарищества.

Каждый четверг директором филиала проводится прием по личным вопросам. Также ежемесячно руководство выезжает на линию для разъяснительной работы по всем вопросам. Если у людей имеются жалобы и обращения, касающиеся взаимоотношений работников, а также психологического климата в коллективе, то можно обратиться на специальный электронный адрес: HR.NODGP4@Karagandy.Railways.kz. В ходе мероприятия присутствующие в зале смогли задать вопросы относительно злоупотребления, качества спецодежды, температурного режима домов отдыха локомотивных бригад, замены коек и старых матрасов на новые.





## РОМАНТИКА БОЛЬШОЙ ДОРОГИ

Маржан Тулубекова 23 года работает проводником пассажирских вагонов Павлодарского участка регионального филиала по пассажирским перевозкам «Северный» и готова проработать еще столько же лет, потому что стать частью большого коллектива стальной магистрали мечтала с самого детства.

Если большая часть сотрудников железной дороги обеспечивает безопасную поездку, то проводники прежде всего заботятся о комфорте пассажиров. Наша героиня всегда грезила о том, что ее будущая профессия будет связана с общением, помощью и поддержкой.

– Любовь к профессии появилась еще в детстве, когда выросла, поняла, что люблю коммуникации и, конечно, путешествовать. Работа проводника все это включает в себя и даже больше, – с улыбкой рассказывает Маржан Муратовна, только прибывшая рейса Павлодар – Туркестан.

Сложности, конечно, есть, но все они преодолимы, считает проводница. – Сейчас прохожу психологические курсы для того, чтобы расширить свои знания, лучше понимать людей, своих детей, ведь они растут, хочется быть им другом. И для себя тоже никогда не поздно менять свой характер в лучшую сторону, – говорит Маржан Муратовна.

Наша героиня воспитывает сына и дочь. Можно сказать, что они пошли по стопам мамы, оба творческие: поют и играют на домбре. Маржан Тулубекова долгое время была участницей семейного ансамбля «Тулубековы» Баянаульского района, но из-за усложнившегося графика работы пришлось временно уйти со сцены.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар  
Фото автора

## ПРИМЕР ДЛЯ ПОДРАЖАНИЯ

На административном здании станции Кокшетау состоялось открытие мемориальной доски в честь одного из ее руководителей, выдающейся личности Рамазана Айгайбекова. Почетный железнодорожник РК, он внес большой вклад в развитие станции и вывел коллектив на передовые рубежи.



В церемонии открытия памятного знака приняли участие заместитель акима города Кокшетау Азамат Искаков, директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Әділхан Дәкенов, директор филиала ТОО «Теміржолсу-Кокшетау» Арген Аузаров, начальник станции Кокшетау Надирхан Кайсаров, а также ветераны железнодорожной отрасли и жители города. Особым гостем стала супруга Рамазана Алмагуль Айгайбекова.

Профессиональный железнодорожник Рамазан Байзуллаевич начал свой трудовой путь в 1989 году, когда после окончания Алма-Атинского института инженеров транспор-

та занял должность помощника составителя поездов на станции Есиль. Успешно пройдя все ступени профессионального роста, Рамазан Байзуллаевич стал начальником Акмолинского отделения АО «НК «Қазақстан темір жолы».

– Работа железнодорожника, избранная им на всю жизнь, которой отданы долгие годы, безусловно являлась его главной определяющей в жизни. Подлинно самозабвенное отношение к делу сочеталось с железной самодисциплиной и принципиальностью, трудолюбием, обязательностью, – отметил директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП»

Әділхан Дәкенов.

Многогранная деятельность, неоченимый вклад в развитие железнодорожного транспорта вызывают уважение всех, кому посчастливилось трудиться рядом с ним. Рамазан Байзуллаевич воспитал большую плеяду учеников, которые сегодня успешно трудятся в различных отраслях железнодорожного транспорта.

Трудовой путь Рамазана Айгайбекова отмечен рядом отраслевых и государственных наград, в числе которых орден «Құрмет» и знак «Почетный железнодорожник». Кроме того, он активно участвовал в общественной жизни города, внес огромный вклад в развитие хоккея с шайбой Акмолинской области.

Источником вдохновения, энергии, надежным тылом для Рамазана Байзуллаевича всегда являлась семья. Вместе с супругой Алмагуль они вырастили четверых детей, передав им высокие нравственные устои и традиции преемственности поколений.

О личности в истории развития стальной магистрали региона молодому поколению железнодорожников отныне будет напоминать мемориальная доска у входа в административное здание станции Кокшетау.

Айлин БАУРЖАН, Кокшетау  
Фото автора

## САМАЯ, САМАЯ...

На станции Алтынколь состоялся конкурс красоты «Алтынколь Аруы-2023».

Красавицы и умницы из пяти отделов состязались не только в грации, красоте и женственности. И в очередной раз доказали, что женщинам нет предела и границ. Конкурс состоялся из четырех туров, где нужно было проявить свои вокальные данные, артистизм, умение играть на музыкальных инструментах и хореографические способности. Участницы в ярких национальных костюмах продемонстрировали не только красноречие, но и презентовали блюда восточной кухни.

По результатам конкурса Гран-при завоевала специалист техконторы Мадина Ермухамет. Первое место завоевала Аружан Ержанкызы, второе – Алуа Болат, а третье место разделили Нураш Акпейл и Гулия Токтархан.

Все участницы награждены ценными подарками, грамотами и цветами.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алтынколь  
Фото автора



## ТЕМІРЖОЛШЫ БОЛҒЫҢ КЕЛЕ МЕ, БАЛАҚАЙ?

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Кейбіріміз бұл тұрғыда қателесек, енді біріміз сәтті қадам жасап жатамыз. Мектеп табалдырығында жүргенде-ақ «Кім болам?» деген сауал алдымыздан шығады.

Жуырда Ақтау көлік колледжіне барған балақайлар да өздерін жаңа кәсіп иесі ретінде танып көрген болса, ғажап қой. Колледждің ұйымдастыруымен №12 жалпы білім беретін орта мектептің 1-сынып оқушылары «Жол сақшыларының жұмыс процесі» экскурсиясына, ал «Асметұлас» инновациялық мектеп-гимназиясының 1-2 сынып оқушылары «Теміржолшы балақай» атты колледждегі ашық дәрістерге қатысып, ұстаздардың сабағын тыңдады. Бастауыш сынып оқушылары теміржолшы кәсібінің алғашқы әліппесімен танысып, өздері мініп, дауысын естіп жүрген пойыздың қалай жүретінін, онда қауіпсіздікті сақтаудың қандай маңызды екенін көзбен көріп, көңілге тоқыды.

Іс-шара М.Тынышбаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледжінің ұйымдастыруымен «WorldSkills-2023» қозғалысы аясында «Кім болғым келеді?» мамандық таңдау фестивалінің «BabySkills» жобасы бойынша өтті.



– Жобаның мақсаты – балаларды жастай теміржол көлігінің әліппесімен таныстырып, техникалық шығармашылығын дамытуға, болашақта мамандық таңдауда білімін жетілдіруге ықпал ету, кім біледі ертеңгі күні осы балақайлардың арасынан талай теміржолшылар шығар, – дейді шараны ұйымдастырушылар.

Айсұлтан АРМАН, Маңғыстау  
Суретті түсірген автор

## Акция

### НИКОТИННЕН ВИТАМИНГЕ КӨШ!

Жамбылдық жас теміржолшылардың ұйымдастыруымен «Никотинді витаминге ауыстыр!» акциясы өтті. Бұл күні ертеңгілік жұмысқа асыққан теміржолшылар Жамбыл бөлімшесінің әкімшілік ғимаратының кіреберісіндегі тосын жайға тосырақ қарағаны рас...



Алайда, мән-жайды білген соң «зиянды әдеті» барлардың бірі қалтасындағы темекісін шығарып, бір-екі талын апельсинге айырбастан ары қарай кетсе, енді біреуі темекіні қорабымен мыжып тастап жатты. Қалай дегенде де, көптен бері темекіні қоямын деп жүргендері үшін бұл жақсы бастама болған сыңайлы, «Болды, осымен доғарамын» дегендер де болды. Апельсин біткен соң қызметкерлер аулаға шығып, темекінің зияндылығы жөнінде әңгімелеп берген спорт нұсқаушыларының

бастауымен таңғы денешынықтыру жаттығуын өткізді.

– Біз бұл жайында алдын ала хабар берсек, көп азаматтың бүгінгідей әсері болмас еді. Сондықтан тосыннан келіп, қызметкерлердің санасын сілкіп, салауатты өмір салтын насихаттауды мақсат еттік. Психологтар да кейде осындай әрекетке барудың тиімділігін айтады, – дейді Жамбыл бөлімшесі кадрлар бөлімінің басшысы Меруерт Бейсенбекқызы.

Ерман ӘБДИЕВ, Тараз  
Суретті түсірген автор

## Спорт

### ЖҮЛДЕЛІ ОРЫН АЛДЫ

Елордада жексенбіде TRI INDOOR залында өткен триатлон жарысына теміржолшылар да қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

«КТЖ» ҰК» АҚ-ның RAILWAYS ALTHLETICS спорт командасының құрамында компанияның бас инженері Батыр Котырев бастаған 14 қызметкер қатысты. Белгілі спортшы Денис Гордиенконың басшылығымен GLOBALSPORT командасы ұйымдастырған жарысқа эстафеталық ойындар бойынша ҚТЖ ойыншылары 10 команданың ішінен 2 орын алды. Команда құрамында теміржолшы Руслан Молдағалиев жүгіруден, Азамат Жангелді велоспорттан және Батыр Котырев жүзуден жарысқа түсті.

– Салауатты өмір салтын сақтау және насихаттау теміржолшылар өмірінің ажырамас бөлігіне айнауда. Спортты серік еткен жанның қашан да дені сау, ал тән саулығы рухани жағынан да



кемелденуге әкеледі. Сондықтан, достар, жұмыстан бос уақытта спортпен айналысыңыздар! – дейді бас инженер.

Жабық ғимаратта өтетін триатлон бойынша жарыстарға кәсіби спортшылармен бірге әуесқойлар да қатыса алады. Мәреге дейін жету үшін қатысушылар бассейнде 10 минут жүзіп, велотренажерде 25 минут, жүгіру жолағында 15 минут жүгіруі керек. Барлық жеңімпаздар арнайы жүлделерге ие болды.

Ұлан ОРАЗ  
Суретті түсірген автор

### ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ТАМАША ДЕМАЛЫС

Жуырда Семей ЖТ бөлімшесінің теміржолшылары арасында жылдағы дәстүрге сай шаңғыдан жеке-кей және командалық жарыстар болып өтті. қала іргесіндегі қарағайлы орман ішінде ұйымдастырылған шара табиғат аясындағы тамаша демалыс болды.

Теміржолшылар «кәсіп одақ шаңғысы» атайтын бұл дәстүрлі жарыс бивығы ұйымдастырылған қысқы спорт түрлерінің ең соңғысы, қорытынды жарыс болатын. Сондықтан болар, оған желі бойындағы әр мекемеден 30-дан аса теміржолшы қатысты.

Ең алдымен барлық қатысушылар жас ерекшеліктеріне қарай өзара бірнеше топқа



бөлінді. Әйелдерден екі топ, ерлерден екі топқа жіктеліп, қалың орман арасындағы жалғыз аяқты шаңғы жолына түсті.

Жарыс ережесі бойынша әйелдер шаңғымен 1 км, ерлер 1,5 км қашықтықты жүріп өтуі керек. Барлық қатысушылардың өзіндік тәжірибелері бар болатын. Сондықтан бірінен бірі қалыспай мәреге жетуге

барын салды. Қиқуға толы қызықты өткен сайыс қорытындысы да көп ұзамай белгілі болып қалды.

Өз топтарында жеңімпаз атанған теміржолшылар арасында 1-орынды ПЧ-39 мекемесінен Анар Нығметжанова, кәсіподақ есепшісі Сәуле Асқарова, ЭЧ-18 қызметкері Нұрболат Мейіржан, НЖС-6 бөлімшесінен Нұрлан

Бегалидов иеленді.

Екінші орын алған теміржолшылар қатарында әуесқой шаңғышылар Айнұр Мағашиянова, Раушан Нұрмағамбетова, Еркін Қабышев, Аманжол Шурашметов болды. Олардың бәрі арнайы марапатталып, Алғыс хаттар табыс етілді. Үшінші орын алғандар да марапаттан құр қалған жоқ.

Айта кетерлігі, сайысқа жанкүйерлер қауымы да мол жиналған болатын. Олар өз мекемелерінен қатысқан шаңғышыларға белсенді түрде қолдау көрсетті. Нәтижесінде барлығы да сергектік пен жақсы көңіл-күйге ие болды. Жарыстан кейін желі бойындағы мекемелер кәсіподақ ұйымдарының ұйытқы болуымен жасыл орман аясында ыстық бәлішпен шай ішілді.

Абай ЕРТІС, Семей  
Суретті түсірген автор



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор  
Дина Муздубаева  
Бас редактордың орынбасары  
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:  
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынп, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:  
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66  
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушанова 8-777-203-51-87  
Маңғыстау: Шахидә Жұманова 8-707-886-72-45  
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17  
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73  
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76  
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61  
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:  
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер  
Асель Распаева,  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.